

САЯСИ ҒЫЛЫМДАР ПРОБЛЕМАЛАРЫ
ПРОБЛЕМЫ ПОЛИТИЧЕСКОЙ НАУКИ
PROBLEMS OF POLITICAL SCIENCE

FTAMP: 11.15.45

DOI:10.51889/2959-6270.2025.90.2.006

Е.Ә. Жұмашов¹ * , Н.С. Пұсырманов¹ ,

Ж.К. Симтиков² , Қ.К. Какимов¹ 

¹ ҚР ҒЖБМ ҒК «Мемлекет тарихы институты», Астана қ., Қазақстан

² Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Алматы қ., Қазақстан

*e-mail: erkebulanzhumashov@gmail.com

**ЖЕРГІЛІКТІ БАСҚАРУДЫ ЖЕТІЛДІРУ КОНТЕКСТІНДЕ МӘСЛИХАТ ҚҰРАМЫН
КЕҢЕЙТУДІҢ ӨЗЕКТІЛІГІ**

Аннотация

Қазақстан Республикасының Конституциясына сәйкес жергілікті мемлекеттік басқаруды сол әкімшілік-аумақтың әкімдігі және мәслихаты жүзеге асырады. Заңнамаға сәйкес әкімдікке – жергілікті атқарушы органның, ал мәслихатқа – жергілікті өкілді органның функциясын жүзеге асыру құзыреті берілген. Осыған дейінгі академиялық зерттеулердің нәтижелері республиканың жергілікті әкімшілік-аумақтық құрылысында маңызды рөл алатын мәслихаттар институты қызметінің тиімділігін арттыру үшін әрі қарай жетілдіруді қажет ететін компоненттердің барын анықтады. Жетілдіруді қажет ететін компоненттердің бірі ретінде жергілікті өкілді органның құрамында әкімшілік-аумақтағы әлеуметтік стратификацияның мейлінше көбірек өкілдігін қамтамасыз ету үшін депутаттар санын көбейту ұсынылды. Бұл мақала осы ұсыныстың ғылыми негізділігін зерделеу мақсатында жазылды. Мақала авторлары ретроспективалық талдау жүргізу және Рейн Таагепера дәйектеген санның үшінші дәрежесінің түбірі моделінің көмегімен облыстардағы, республикалық маңызы бар қалалардағы және астанадағы мәслихат депутаттары сандық құрамы мен демографиялық жағдайды салыстырды. Жүргізілген зерттеудің нәтижесі мәслихат депутаттарының санын көбейту қажеттілігі туралы ғылыми және сарапшылық пікірді қуаттады. Мақала нәтижесі жергілікті билік органдарын күшейту контекстінде практикалық маңыздылыққа ие, ал теориялық маңыздылығы жергілікті басқару саласындағы академиялық дискуссияға қосатын үлесімен анықталады.

Түйін сөздер: мәслихат, жергілікті мемлекеттік басқару, жергілікті өзін-өзі басқару, өкілді орган, жергілікті билік, делиберативті демократия

Y.Zhumashov¹ , N.Pussyrmanov¹ ,

Zh.Simtikov² , K.Kakimov¹ 

¹ Institute of State History of the Science committee of the Ministry of Science and higher education
of the Republic of Kazakhstan, Astana, Kazakhstan,

² Abai Kazakh National Pedagogical University, Almaty, Kazakhstan

**RELEVANCE OF MASLIKHAHAT EXPANSION IN THE CONTEXT OF IMPROVING
LOCAL GOVERNANCE**

Abstract

According to the Constitution of the Republic of Kazakhstan, local government is carried out by the akimat and the maslikhat of the respective administrative-territorial unit. In accordance with the

legislation, the akimat is vested with the authority to perform the functions of a local executive body, while the maslikhat fulfills the role of a local representative body. Previous academic studies have identified several components requiring further improvement to enhance the effectiveness of the maslikhat institution, which plays a crucial role in the country's local administrative-territorial structure. One such component is the proposed increase in the number of deputies in the local representative body to ensure broader representation of the social stratification within the administrative-territorial unit. This article aims to examine the scientific validity of this proposal. Utilizing the cube root model formulated by Rein Taagepera, the authors analyze the balance between the number of maslikhat deputies and the number of citizens entitled to passive voting rights at the local level. The findings of the study support the scientific and expert rationale for increasing the number of maslikhat deputies. The results of this research hold practical significance in the context of strengthening local governance structures, while their theoretical contribution is determined by their impact on academic discourse in the field of local governance.

Keywords: maslikhat, local public administration, local self-government, representative body, local power, deliberative democracy

Жумашов Е.А.¹ , Пусырманов Н.С.¹ ,
Симтиков Ж.К.² , Какимов К.К.¹ 

¹ *Институт истории государства КН МНВО РК, Астана, Казахстан*

² *Казахский национальный педагогический университет имени Абая, Алматы, Казахстан*

АКТУАЛЬНОСТЬ РАСШИРЕНИЯ СОСТАВА МАСЛИХАТА В КОНТЕКСТЕ СОВЕРШЕНСТВОВАНИЯ МЕСТНОГО УПРАВЛЕНИЯ

Аннотация

В соответствии с Конституцией Республики Казахстан местное государственное управление осуществляется акиматом и маслихатом соответствующей административно-территориальной единицы. Согласно законодательству, акимат наделен полномочиями по осуществлению функций местного исполнительного органа, а маслихат – местного представительного органа. Результаты предыдущих академических исследований выявили наличие компонентов, требующих дальнейшего совершенствования для повышения эффективности института маслихатов, играющего важную роль в системе местного административно-территориального устройства республики. Одним из таких компонентов является увеличение числа депутатов местного представительного органа с целью обеспечения более широкой представленности социальной стратификации административно-территориальной единицы. Настоящая статья написана с целью изучения научной обоснованности данного предложения. Авторы статьи с помощью ретроспективного анализа, а также модели кубического корня, предложенной Рэйном Таагепера, исследовали баланс между числом депутатов маслихатов и числом граждан, обладающих пассивным избирательным правом на местном уровне. Результаты проведенного исследования подтверждают научную и экспертную обоснованность необходимости увеличения числа депутатов маслихатов. Выводы статьи имеют практическое значение в контексте укрепления местных органов власти, а ее теоретическая значимость определяется вкладом в академическую дискуссию в области местного управления.

Ключевые слова: маслихат, местное государственное управление, местное самоуправление, представительный орган, местная власть, делиберативная демократия

НЕГІЗГІ ЕРЕЖЕЛЕР

Мақалада жергілікті өкілді орган – мәслихаттардың қызметін жетілдіру контекстінде облыстардағы, республикалық маңызы бар қалалардағы және астанадағы мәслихат депутаттарының санын көбейтудің маңыздылығы дәйектелді. Бұл тұжырым төмендегі аргументтерге негізделді.

Біріншіден, әдеби шолу нәтижесінде осыған дейінгі академиялық зерттеулерде мәслихаттардың қызметі бойынша әзірленген тұжырымдар қарастырылып, зерттеушілердің өкілді органның сандық құрамын арттыруды ұсынғаны анықталды.

Екіншіден, заң шығарушы және өкілді органның құрамын анықтау бойынша Рейн Таагепера ұсынған әдіснаманы (модельді) қолдану нәтижесінде мәслихаттардағы депутат саны сол әкімшілік-аумақтық бірліктегі демографиялық мөлшермен үйлеспейтіні негізделді.

Үшіншіден, ретроспективалық талдау нәтижесінде мәслихаттардың сандық құрамын белгілеген норманың 1993 жылы бекітілгені, ол уақыттан бері оның өзгермегені, ал бұл жылдар ішінде әкімшілік-аумақтық бірліктің демографиясы өзгергені дәлелденді.

Жоғарыдағы аргументтердің негізінде депутат санының аздығы өкілді органда қарастырылатын мәселелердің кешенді талқыланып, қабылданатын шешімдердің сапалы болуына, ықтимал тәуекелдерінің дискуссия барысында ескерілуіне кедергі келтіруі мүмкіндігі тұжырымдалды. Зерттеу нәтижесінде алынған тұжырымдар жергілікті басқару саласындағы институционалды жүйені күшейту бағытында шешімдер қабылдау үшін орталық уәкілетті органдарға ғылыми негіз ұсынады.

КІРІСПЕ

Қазақстан Республикасының заңнамасында жергілікті өкілді орган функциясын іске асыру мәслихаттар институтына жүктелген. Мәслихаттар 1990-шы жылдары КСРО кезеңіндегі жергілікті кеңестердің халық депутаттарын трансформациялау нәтижесінде пайда болды. Бұл трансформацияның құқықтық негізін бекіткен құжаттар 1993 жылғы 10 желтоқсанда қабылданған «Қазақ КСР-інің жергілікті өзін-өзі басқару және Қазақ КСР халық депутаттарының жергілікті Кеңестері туралы» Қазақ КСР Заңының және «Жергілікті өзін-өзі басқару және Қазақ КСР халық депутаттарының жергілікті Кеңестері туралы» Қазақ КСР Заңына өтпелі кезең кезінде өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заңдарының күші жойылды деп тану туралы» №2577а-ХІІ Қазақстан Республикасының Заңы және жергілікті деңгейдегі басқару тәртібін регламенттейтін жаңа «Қазақстан Республикасының жергілікті өкілді және атқарушы органдары туралы» №4100 Қазақстан Республикасының Заңы болды. Күші жойылған құжат жергілікті кеңестер қызметін тоқтатса, жаңа заң мәслихаттар қызметін бастады. Осы кезеңнен бері мәслихаттар жергілікті атқарушы орган әкімдіктермен қатар әкімшілік-аумақтағы істің жай-күйіне жауапты институт ретінде дамып келеді.

Саяси жүйедегі, оның ішінде жергілікті басқаруда маңызды институттың бірі мәслихаттардың қызметін сапалы іске асыруы өзекті. Зерттеушілер мәслихаттар институты толық әлеуетін көрсетуі үшін бірнеше шарттарды қамтамасыз етудің қажеттілігін көрсетеді. Атап айтқанда, мәслихат депутаттығының қоғамдық қызмет болуы, заңнамада мәслихаттың бір мезгілде жергілікті мемлекеттік және жергілікті өзін-өзі басқару органы ретінде танылуы, мәслихаттар институтының кейбір жергілікті әкімшілік-аумақтық құрылыс деңгейінде болмауын (қалалық аудандар, кенттер, ауылдық округтер және дербес ауылдар), мәслихаттардағы депутаттар санының аздығы шешілуі тиіс өзекті мәселе ретінде айтылады [1]. Сонымен қатар, сарапшылар арасында жүргізілген сауалнама нәтижесіне негізделген зерттеулер де «Увеличение количества депутатов в маслихатах всех уровней работающих профессионально на освобожденной основе», – деген тезистің жиі айтылғаны байқалады [2]. Азаматтық қоғамның өкілдері арасында да депутат санын арттырудың қажеттілігі айтылды [3]. Бұл мәселелердің өзектілігін айқындау үшін түрлі әдістермен академиялық ақпарат жинау және талдау жүргізу маңызды.

Ғылыми әдебиеттегі жоғарыдағы пікірлерді синтездеу нәтижесінде бұл зерттеу «өкілді органның құрамындағы депутаттар санын арттыру қажет» деген болжамды тексеруге бағытталды. Мақаланың мазмұнында осы болжамды тексерудің нәтижесі талқыланды.

Мақаланың мақсаты – облыстық, республикалық маңызы бар қалалық және астаналық мәслихаттағы депутат санының жергілікті әлеуметтік стратификацияның мейлінше көп бөлігін қамтамасыз етуге жеткілікті болуын зерделеу. Осы мақсатқа жету үшін зерттеудің әдіснамасы ақпарат жинау мен талдаудың екі әдісін қолданды. Алдымен ретроспективті талдау жүргізу арқылы мәслихаттардағы депутат санын бекіткен норманың орнығуын, одан кейінгі жылдары енгізілген өзгерістер мен толықтыруларды талдап, оның нәтижесін демографиялық өзгерістермен салыстырды. Басқаша айтқанда, әр әкімшілік-аумақтық бірлік бойынша қойылған мәслихат депутаттарының саны мен сол өңірдің демографиясының өзгеруі арасындағы динамиканың сәйкестігі сарапталды. Екінші әдіс ретінде Рейн Тагепераа ұсынған Санның үшінші дәрежесі моделі (заңы) қолданылды. Атап айтқанда, заң шығарушы және өкілді орган құрамындағы мүшелер санын анықтауда Санның үшінші дәрежесі моделін қолдану туралы академиялық ұсыныстың негізінде мәслихаттардағы депутат санының сол әкімшілік-аумақтағы халық көлеміне пропорциясы есептелді. Зерттеу нәтижесінде авторлар мәслихаттардағы депутаттар санын арттыру туралы пікірді қуаттайтын ғылыми дәйектемені тереңдетті. Алынған нәтиженің қолданбалы қажеттілігі жергілікті өкілді органдардың әлеуетін арттыру үшін орталық шешім қабылдаушыларға ғылыми негізделген ұсыныс беруімен айқындалды. Сонымен қатар, жергілікті мемлекеттік басқару және жергілікті өзін-өзі басқару бойынша ғылыми ақпаратты кеңейту контекстінде академиялық маңызға ие.

ҒЫЛЫМИ ӘДЕБИЕТТЕРГЕ ШОЛУ

Қазақстанның әлеуметтік ғылымында ғана емес, саяси практикасында Орталық заң шығарушы және жергілікті өкілді органдардың санына байланысты түрлі ұстанымдар бар. Өткен күндердің тәжірибесінен қалған саяси институттардағы бірлік саны ретінде сол кезде анықталған сандық норманы сақтауды негіздейтін де көзқарастар толастамады. Соған қарамастан Қазақстанның отыз жылдық тәжірибесінде Орталық және жергілікті деңгейдегі заң шығарушы немесе өкілді орган құрамындағы депутат санының тиімділігі туралы академиялық ортада әртүрлі пікір де күн өткен сайын жетіліп, толысты. Оны аумақтық-әкімшілік бірліктердің қайта құрылуы және халық санының өзгеруіне қарай прагматикалық ұстанымдардың пайда болуымен түсіндіруге болады. Жалпы, жергілікті өкілді орган үшін идеалды санды ұсынған формула немесе модельдің жоқтығын айтып өту керек [7]. Сондықтан өкілді органда неше депутат болғаны тиімді екендігі туралы дискуссия жалғасуда және бұл теория өкілдері үшін бітпейтін сауалға айналды. Осы орайда әлемдік тәжірибелердің үздігін зерттеу және олардың қалыптасу ережелерін білу негізгі қажеттілікті туындатады.

Италияның тәжірибесін зерттеген зерттеуші-ғалымдар депутат санын көбейтудің муниципалитеттердің өнімділігіне позитивті әсері барын анықтаған [8]. Сонымен қатар, Канаданың экономикалық тиімділікті арттыру мақсатында жергілікті өкілді орган мүшесін қысқартуға бағытталған саясатын зерделеген ғалымдар, мұндай шешімнің шығындарды елеулі азайтуға алып келмейтінін, керісінше сайланбалы институт құрамындағы әртүрлі сала өкілдерінің азаюы салдарынан депутаттар кейбір мәселелерді талқылауда сырттан кәсіби мамандар тартуға мәжбүр болатынын анықтады [9].

Өкілді органдағы депутат саны мен бюджет шығындарының тиімділігіне ықпалы туралы жүргізілген зерттеулер қарама-қайшы нәтижелер тұжырымдады. Академиялық әдебиетте кең талқылانған Вайнгаст және басқалар ұсынған «1/п заңы» бойынша өкілді (заң шығарушы) органдағы мүшелердің санын арттыру тиімсіз бюджет шығындарын көбейтуге алып келеді [10]. Дегенмен кейінгі зерттеулердің нәтижелері жергілікті өкілді органдағы мүше санын арттыру әрқашан жергілікті бюджеттік тиімсіз шығындарын көбейтпейтінін ұсынып отыр [11, 12].

Ғылыми әдебиеттегі тұжырымды қорытындыласақ, онда өкілді органдағы депутат санын арттырудың пайдасына саяси жүйенің ерекшеліктері көп ықпал ететінін анықтап отыр. Атап

айтқанда, сайлау жүйесі, партиялық жүйе, дәстүр, салық пен бюджетаралық қатынастар сияқты факторларға байланысты жергілікті өкілді органдағы депутат санын арттырудың нәтижесі өзгеруі ықтимал. Дегенмен Франциядағы жергілікті басқаруды зерттеген ғалымдар өкілді органның санын өзгерту партиялардың сайлауға түсу белсенділігіне, сайлаушылардың сайлауға қатысу деңгейіне, бюджеттік шығындарға әсері аз екенін, алайда депутат санының көптігі ондағы диспропорцияны азайтуға септігін тигізетінін анықтады [13].

Ғылыми әдебиеттерге шолу нәтижесі, өкілді органдағы депутат санының оптималды санын табу бірнеше аспект тұрғысынан маңызды екенін көрсетті. Алдымен, ол демократияның дамуына, делиберативті тетіктердің, қоғаммен билік өкілдерінің арасындағы коммуникацияның жақсаруына алып келеді. Екіншіден, өкілді орган құрамының сапалық, оның ішінде кәсіби, кадрлық, салалық тұрғыдан күшеюіне септігін тигізеді. Үшіншіден, қоғамдағы әртүрлі әлеуметтік топтардың билік органдарындағы өкілділігінің пропорциясын жақсартып, мүдделердің қорғалуын, кикілжіңдердің өкілді орган платформасында талқылануын қамтамасыз етеді. Осыған байланысты, бұл мақалада Қазақстандағы мәслихаттардағы депутат санын арттыру қажеттігі туралы болжам қойылды.

ЗЕРТТЕУ ӘДІСНАМАСЫ

Осы зерттеу мақаласы барысында қойылған болжамды тексеруге мүмкіндік беретін екі әдіс қолданылды: бірі - ретроспективті талдау және Санның үшінші дәрежесі моделі (СДМ). Таңдалған әдістердің рационалдылығы демографиялық өзгеріс жағдайында өкілді (заң шығару) органның құрамы қалай өзгеруі керектігін анықтауға көмектесетіндігімен негізделді. Осы әдістерді қолданып облыстардағы, республикалық маңызы бар қалалардағы және Республика Конституциясымен анықталған Қазақстанның елордасы Астана қаласы мәслихат депутаттарының санын зерделеу процесі 2025 жылғы қаңтар-ақпан айларында жүрді.

Алдымен ретроспективті талдау әдісі қолданылды. Ол үшін әр деңгейдегі өкілді органда депутат болу керектігін белгілеген құқықтық және саяси-тарихи маңызы бар құжаттар іріктелініп алып, төмендегідей нормативтік құжаттар талданды:

1. 1993 жылғы 10 желтоқсанда қабылданған «Қазақстан Республикасының жергілікті өкілді және атқарушы органдары туралы» Қазақстан Республикасының Заңы.
2. 1995 жылғы 28 қыркүйекте қабылданған «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Қазақстан Республикасының Конституциялық заңы.
3. 2001 жылғы 23 қаңтарда қабылданған «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы» Қазақстан Республикасының Заңы.
4. 1999 жылғы 8 шілде бекітілген «Әкімшілік-аумақтық бірліктердегі халық санына сәйкес сайланатын мәслихаттар депутаттарының санын белгілеу Ережелерін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Орталық сайлау комиссиясының N 12/200 қаулысы.
5. 2020 жылғы 11 қыркүйекте бекітілген «Сайланатын мәслихаттар депутаттарының санын айқындау туралы» Қазақстан Республикасы Орталық сайлау комиссиясының №21/323 қаулысы.

Жоғарыдағы құжаттарда әкімшілік-аумақтық бірліктер бойынша белгіленген мәслихаттағы депутат санын сол өңірдегі халық санының өзгерісімен салыстыру үшін 1989 жылғы санақ және 2023 жылғы халық санының көрсеткіші талданды.

Ақпаратты жинау мен талдау үшін қолданылған келесі әдіс – СДМ. Азаматтарды, саясаткерлерді заң шығарушы биліктің құрамында депутат санының оптималды мөлшерін анықтау мәселесі ұзақ уақыттан бері полемикалық тақырып болып келеді. Бұл проблеманы шешу үшін саяси және мемлекеттік басқару ғылымдарының өкілдері бірнеше шешімдер ұсынды. Соның ішінде қолдануға ыңғайлысы және ең кең тарағаны 1972 ж. Рейн Таагепера [4] ұсынған және басқа көптеген зерттеушілер әрі қарай дамытқан СДМ [5]. СДМ бойынша заң шығарушы немесе өкілдік билік құрамындағы мүше санын анықтаудың формуласы төменде берілген:

$$A = aP_0^{\{1/3\}}$$

Мұндағы А – заң шығарушы билік құрамы, Р – сол аумақтағы халық саны және 1/3 оның түбірі. Халық саны ретінде әдетте дауыс беру құқығына ие сауатты азаматтар саны есептеледі. Қазақстан Республикасының жағдайында ересек халықтың барлығына жуығы сауатты болғандықтан пассивті дауыс беру құқығына ие барлық азаматты есепке алуға болады. Ескерілуі тиіс келесі мәселе – СДМ негізінен республикалық деңгейдегі парламент мүшелерінің санын анықтауда қолданылады. Сол себепті мәслихат сияқты жергілікті өкілді органның құрамын анықтау үшін жоғарыдағы формуланы қолдану сұрақ туғызуы ықтимал. Алайда жергілікті өкілді органның құрамын анықтауға көмектесетін басқа тиімді модельдің болмауы және өңірлік өкілді органдардың да функциялары ішінара республикалық парламентпен сәйкесетіндігін ескеріп, жоғарыдағы формуланың көмегімен мәслихат құрамын есептеу туралы шешім қабылданды. Оның үстіне, СДМ сайланбалы ұжымдық орган құрамындағы мүшелер санын сол аумақтың демографиясына пропорциясын есептеу жолымен депутаттар санының барлық әлеуметтік топтардың тиімді өкілдігін қамтамасыз етуге жеткіліктілігін айқындауға да көмектеседі. Сондықтан СДМ-ді мәслихат үшін де қолдану тиімді.

СДМ бойынша мәслихат құрамын анықтау немесе қалыптастыру үшін екі деректі басшылыққа алады: біріншіден, өкілді орган құрамындағы депутаттар саны және әкімшілік-аумақтағы пассивті сайлау құқығына ие азаматтар саны. Өкілді орган құрамындағы депутат саны жоғарыдағы нормативтік құжаттарды талдау нәтижесінде анықталғандықтан қосымша ақпарат қажет болмады. Ал, әкімшілік-аумақтың сайлаушыларының саны туралы ақпарат Қазақстан Республикасы Орталық сайлау комиссиясының ресми сайты www.election.gov.kz жүйесінен және Қазақстан Республикасы Орталық Сайлау Комиссиясының жыл сайынғы тарататын Ақпараттық бюллетенінен алынды. Осы Ақпараттық бюллетеньнің жыл сайынғы жинақтары Республика бойынша сайлаушылар тізіміне азаматтардың енгізілуі мен бірге елдегі әрбір өңір бойынша сайлаушылар санын ұсынып отырады [6]. Осы мәліметтер негізге алынып, зерттеудің сандық сенімді базасын құрайды.

ЗЕРТТЕУ НӘТИЖЕЛЕРІ

1993 жылғы 10 желтоқсанда қабылданған «Қазақстан Республикасының жергілікті өкілді және атқарушы органдары туралы» Қазақстан Республикасының Заңы өкілді органдардың пайда болуының құқықтық негізін қалап, оны құру, қызметін ұйымдастыру процедураларын регламенттеді. Мәслихаттардың сандық құрамын да анықтаған осы құжат болды. Аталған Заңның 2-бабына сәйкес «Депутаттар санын тиісті Мәслихат – Депутаттар жиналысы мынадай шекте белгілейді: облыстық Мәслихат - Жиналысқа, Алматы қалалық Мәслихат - Жиналысына - 50-ге дейін, қалалық Мәслихат - Жиналысқа - 30-ға дейін, аудандық Мәслихат - Жиналысқа - 25-ке дейін». Бұдан шығатын қорытынды, депутат санын белгіленген шекте әрбір мәслихат өзі анықтауы тиіс болды. Алайда мәслихаттар әлі құрылмағандықтан алғашқы шақырылымдағы депутат санын анықтау құзыреті жергілікті атқарушы органдарға тапсырылды.

Одан кейінгі жылдары әрбір әкімшілік-аумақтық бірлік бойынша өкілді орғандағы депутат санын анықтау өкілеттігін мәслихаттардан ҚР Орталық сайлау комиссиясына берілген келесі өзгерістер жетілдірді. 1995 жылғы 28 қыркүйекте «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Қазақстан Республикасының Конституциялық заңы қабылданып, оның 12-бабының 16-тармақшасына сәйкес ҚР Орталық сайлау комиссиясының өкілеттігінде «әкімшілік-аумақтық бөлініс халқының мөлшеріне сәйкес олардан Парламент Мәжілісі мен мәслихаттарға сайланатын депутаттардың санын анықтайды» деген норма көрсетілді. 1999 ж. «Қазақстан Республикасының жергілікті өкілді және атқарушы органдары туралы» Заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізіліп, соның нәтижесінде белгіленген шекте әрбір әкімшілік-

аумақтық бірлік бойынша өкілді органдағы депутат санын анықтау құзыреті ҚР Орталық сайлау комиссиясына берілді.

2001 жылғы 23 қаңтарда «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы» Қазақстан Республикасының Заңы қабылданып, оның 5-бабының 3-тармағында былай жазылды: «Мәслихат депутаттарының кезекті сайлауын өткізу үшін тиісті мәслихат депутаттарының санын Қазақстан Республикасының Орталық сайлау комиссиясы мынадай шектерде: облыстық мәслихатта, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың мәслихаттарында - елуге дейін; қалалық мәслихатта - отызға дейін; аудандық мәслихатта - жиырма беске дейін белгілейді». Осыған байланысты 1999 ж. ҚР бері Орталық сайлау комиссиясы бекітілген лимит шегінде әкімшілік-аумақтың халық саны бойынша мәслихаттағы депутат санын әрбір әкімшілік-аумақтық бірлік бойынша белгілеп келеді. Өкілді органдағы депутат саны 1999 жылғы 8 шілде бекітілген «Әкімшілік-аумақтық бірліктердегі халық санына сәйкес сайланатын мәслихаттар депутаттарының санын белгілеу Ережелерін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Орталық сайлау комиссиясының №12/200 қаулысымен, қазіргі таңда 2020 жылғы 11 қыркүйекте бекітілген «Сайланатын мәслихаттар депутаттарының санын айқындау туралы» Қазақстан Республикасы Орталық сайлау комиссиясының №21/323 қаулысымен анықталған.

Жоғарыдағы депутат санын анықтаған лимитті зерделей келе, оның 1993 ж. айқындалғанын және қазіргі таңға дейін сақталып отырғанын көруге болады. Басқаша айтқанда, осы жылдар ішіндегі демографиялық өзгерістерге қарамастан облыс (республикалық маңызы бар қала, астана) үшін – 50-ге дейін, облыстық маңызы бар қалала үшін – 30-ға дейін, аудан үшін – 25-ке дейін депутат болатындығы туралы шек әлі күшін сақтап келеді. 1-кестеде мәслихаттар алғаш сайланған 1994 ж. белгіленген депутат саны, оған негіз болған 1989 ж. санақ нәтижесі [14] мен 2023 ж. қазіргі шақырылымдағы депутат саны мен өңірдің демографиясы салыстырылған. Бұл тұста, осы жылдар ішінде әкімшілік-аумақтық бірліктердің қайта құрылуы, шекараларының өзгеруі сияқты факторларға байланысты 1989 ж. және 2023 ж. демографиясындағы өзгерістерді салыстыру номиналды екенін айтып өту керек. Мақаланың мақсаты әкімшілік-аумақтық бірліктердің демографиясындағы өзгерістердің ерекшеліктерін зерттеу емес, жалпы халық саны мен мәслихат депутат саны арасындағы үйлесімді анықтау болғандықтан бұл салыстыру осы мәселені көрсету контекстінде пайдалы.

1-кестеден көп әкімшілік-аумақтық бірліктерде мәслихаттар алғаш құрылған уақытпен салыстырғанда үлкен демографиялық өзгеріс болғаны байқалады. 8 әкімшілік-аумақтық бірлікте халық саны күрт өскен (Түркістан, Алматы, Маңғыстау, Ақтөбе, Қызылорда облыстары және Алматы, Астана, Шымкент қалалары). Ал Қостанай, Ақмола, Павлодар, ШҚО, Абай, Ұлытау өңірлерінде түрлі факторлардың салдарынан халық аз тұрады. Кестеден халық саны азайған әкімшілік-аумақтық бірліктердегі мәслихаттардың депутат саны біршама сәйкес азайғаны байқалады. Алайда халық саны артқан әкімшілік-аумақтық бірліктердегі депутат санын ұлғайтуда пропорция жоқ. Басқаша айтқанда, депутат санын арттыру демографиялық өсіммен сәйкеспейді. Осы себепті, мәслихаттардағы депутат саны өңірдің демографиялық өзгерісімен сәйкестендіру үшін 1993 ж. қойылған лимиттің шегін ұлғайту өзекті.

1-кесте. Әкімшілік-аумақтық бірліктер бойынша І және VIII шақырылымдағы депутат саны және өңірдің демографиясы

Әкімшілік-аумақ аты	Сайланатын депутаттардың саны		1994 және 2023 жж. арасында өзгеріс	Халық саны		1989 және 2023 жж. арасында өзгеріс
	1994 ж.	2023 ж.		1989 ж.	2023 ж.	
Түркістан обл.	47	46	+2%	1 440	2 119	+47%
Алматы қ.	39	42	+7%	1 132	2 161	+90%
Алматы обл.	44	38	-15%	978	1 505	+54%
Астана қ.	25	34	+36%	281	1 354	+481%
Қарағанды обл.	45	36	-25%	1 352	1 134	-16%
Жамбыл обл.	35	36	+2%	1 048	1 218	+16%
Шымкент қ.	27	32	+18%	392	1 192	+300%
Ақтөбе обл.	37	34	-8%	738	928	+26%
Қостанай обл.	47	32	-46%	1 221	832	-46%
Ақмола обл.	44	32	-37%	1 002	788	-27%
Павлодар обл.	49	32	-53%	944	754	-25%
Шығыс-Қазақстан обл.	35	32	-9%	933	730	-27%
Қызылорда обл.	35	32	-9%	651	833	+27%
Батыс-Қазақстан обл.	38	30	-26%	631	688	+9%
Жетісу обл.	43	32	-34%	721	698	-3%
Маңғыстау обл.	-	32	%	324	767	+236%
Атырау обл.	27	30	-11%	755	693	-8%
Абай обл.	32	30	-6%	838	610	-37%
Солтүстік-Қазақстан обл.	45	30	-50%	600	534	-12%
Ұлытау обл.	-	26	%	496	221	-224%

Жалпы өңірдің демографиясымен сәйкесу үшін мәслихаттағы депутат саны неше болуы керек? Бұл сұраққа жауап беру үшін СДМ-ді қолданып түсіндіруге болады. 2-кестеде Орталық сайлау комиссиясы соңғы рет бекіткен әрбір облыстық, республикалық маңызы бар қалалық және астаналық мәслихаттағы депутат саны, әкімшілік-аумақта пассивті дауыс беру құқығына ие ықтимал азаматтар саны, СДМ формуласы бойынша өкілді органда неше депутат болуы қажеттігі және қазіргі депутат саны мен СДМ бойынша есептелген сан арасындағы айырма

көрсетілген. Кестеден облыстық, республикалық маңызы бар қалалық және астаналық мәслихаттағы депутат саны әкімшілік-аумақтың демографиясына байланысты өзгертіні байқалды. Сайлаушы саны бір миллионнан аса адамды құрайтын Түркістан облысы мен Алматы қаласындағы мәслихаттарда сәйкесінше 46 және 42 депутат бар. Ал, пассивті сайлау құқығына ие азаматтар саны жүз мыңнан асатын Ұлытау облыстық мәслихатында 26 депутат қызмет етеді. Бұдан шығатын қорытынды мәслихаттардағы депутаттар саны әкімшілік-аумақтың халық санына байланысты өзгереді. Бірақ белгіленген депутат саны сайлаушылар мен өкілдер арасындағы әлеуметтік сәйкестікті сақтауға жеткіліксіздігі, демография бойынша депутат санын белгілейтін әлемдік көрсеткіштен әлдеқайда аз екенін СДМ бойынша қажетті депутат мөлшерін көрсеткен баған байқатады. Оған сәйкес, Түркістан облысы мен Алматы қаласында 105 депутат, ал Ұлытау облысында 51 өкіл болуы тиіс. Салыстырмалы түрде барлық әкімшілік-аумақта депутат саны СДМ-дегі көрсеткіштен төмендігі екі есе немесе одан да жоғары. Ал, абсолютті көрсеткіш бойынша халық саны көп әкімшілік-аумақтарда депутат санының әлдеқайда аздығы байқалды. Басқаша айтқанда, мәслихаттардағы қазіргі депутат саны сол әкімшілік-аумақтағы халық санының пропорциясына сәйкес еместігі анықталды.

2-кесте. Мәслихаттардағы қазіргі депутат саны және СДМ бойынша қажетті сан

Әкімшілік-аумақ аты	Мәслихаттағы депутаттар саны	Сайлаушы саны	СДМ бойынша сан (жақын шама)	Қазіргі депутат саны және (СДМ) арасындағы айырма
Түркістан обл.	46	1 177 507	105	-59
Алматы қ.	42	1 176 138	105	-63
Алматы обл.	38	944 550	98	-60
Астана қ.	34	772 039	92	-58
Қарағанды обл.	36	754 206	91	-55
Жамбыл обл.	36	721 159	90	-54
Шымкент қ.	32	638 361	86	-54
Ақтөбе обл.	34	562 776	82	-48
Қостанай обл.	32	553 404	82	-50
Ақмола обл.	32	515 030	80	-48
Павлодар обл.	32	512 933	80	-48
Шығыс-Қазақстан обл.	32	493 499	79	-47
Қызылорда обл.	32	492 443	79	-47
Батыс-Қазақстан обл.	30	449 165	76	-46
Жетісу обл.	32	447 541	76	-44
Маңғыстау обл.	32	417 595	75	-43

Атырау обл.	30	405 634	74	-44
Абай обл.	30	404 469	74	-44
Солтүстік-Қазақстан обл.	30	382 007	72	-42
Ұлытау обл.	26	138 277	51	-25

Зерттеу нәтижесі «өкілді органның құрамындағы депутаттар санын арттыру қажет» деген болжамды негіздеп, мәслихаттардағы депутаттар корпусын ұлғайтудың өзектілігін ұсынған ғылыми пікірді қуаттады. Сондықтан жергілікті билікті күшейту контекстінде өкілді органның құрамын арттыруды қайта қарау маңызды.

ТАЛҚЫЛАУ

Қазақстан Республикасының Конституциясына сәйкес өкілді орган мәслихаттар жергілікті атқарушы орган әкімдіктермен қатар әкімшілік-аумақтағы істің жай-күйіне жауапты институт. Сондықтан саяси жүйедегі маңызды институттың бірі мәслихаттардың қызметін сапалы іске асыруы өзекті. Бұл үшін мәслихат құрамы әртүрлі әлеуметтік стратификацияның өкілдігін қамтамасыз ететін, түрлі топтардың мүдделерін қорғайтын және қарастырылып отырған мәселені жан-жақты талқылауға, түрлі тәуекелдерін жарыссөз барысында қарастыруға мүмкіндік беруі маңызды. Зерттеулердің нәтижесі өкілді орган құрамындағы депутаттар санының аз болуы қоғамдағы әлеуметтік топтар өкілдерінің жоғары диспропорциясына әкелетінін көрсетті [15]. Атап айтқанда, мәслихат құрамында түрлі әлеуметтік топтардың өкілдігінде теңсіздіктің пайда болып, оның ішінде азшылық топтар аз немесе мүлдем болмайды. Бұл өз кезегінде шешім қабылдауда осы топтардың мүддесін қорғауды қиындатады. Мысалы, Қазақстан Республикасының Президенті жанындағы Қазақстанның стратегиялық зерттеулер институты жүргізген зерттеу 2023 ж. сайлау нәтижесі бойынша әйел депутаттардың үлесі облыстар, республикалық маңызы бар қалалар мен Астана мәслихатында – 15,57%, облыстық маңызы бар қалалық мәслихатта – 26,7%, аудандық мәслихатта – 22,1% [16]. Екіншіден, өкілді орган құрамында салалық, кәсіби қоғамдастық өкілдері арасында теңсіздік болуына, кейбір мамандық өкілдерінің аз болуына алып келеді. Қазақстан Республикасының Президенті жанындағы Қазақстанның стратегиялық зерттеулер институты жасаған депутаттың портреті инженер және қаржы саласы мамандарын кескіндеді. Диспропорция болмауы үшін депутаттық корпуста әр сала, құрылым бойынша өкілдердің болуы маңызды. Ғылыми әдебиетке шолуда Франция тәжірибесі жергілікті өкілді органның санын көбейту диспропорцияны азайтуға көмектесетіні жазылды. Сондай-ақ, АҚШ тәжірибесін зерттеушілер өкілді орган құрамындағы мүшелер санын арттырудың қабылданатын шешімдерде жекелеген депутаттар көзқарасының басым болуына жол бермейтінін анықтады [17]. Егер сала бойынша депутат саны аз болса, онда қабылданатын шешімде сол саланы жақсы білетін 1-2 депутаттың көзқарасы басым болады. Оның үстіне аз маманға лоббилік ықпал ету оңай. Негізінен 30-50 депутаттан тұратын мәслихатта әр сала бойынша бірнеше депутаттың болуын қамтамасыз ету қиын. Осы себепті мәслихаттың сандық құрамын күшейтуге назар аудару қажет. Сонымен қатар, ғылыми әдебиетке шолу бөлімінде Канаданың тәжірибесі өкілді орган құрамында депутат аз болған жағдайда салалық мамандарды қосымша тарту үшін шығындар санын ұлғайту ықтималдылығы айтты. Осы контекстте мәслихат санын көбейту оның кәсіби сапасын да арттыруға септігін тигізеді.

Жоғарыдағы факторларға байланысты мәслихат құрамындағы депутат санын арттыру өзекті. Бірқатар зерттеу нәтижелері өкілді органның құрамының көптігі оның сайлаушылар мен өкілдер арасындағы әлеуметтік сәйкестігін жақсартатын гетерогенділігін қамтамасыз етіп, мүшелерінің арасында әйелдердің, этникалық азшылықтардың, шағын елді мекендердің,

саяси партиялардың өкілдері үлесінің артуына көмектесетіні туралы тұжырым жасады [18]. Осы контекстте Қазақстанның қолданыстағы Конституциясын әзірлеуде үлгі ретінде алынған Францияның тәжірибесі қызықты. Бұл мемлекеттің заңнамасына сәйкес өңірлік (муниципалитет) кеңесі құрамын анықтауда әкімшілік-аумақтық демографиясына қарай 7-69 арасында белгіленген, ал маңызды қалалар үшін заңнамада қосымша орындар берілген (Лион – 73, Марсель – 101, Париж – 163) [19]. Қазақстан да осы тәжірибені ескеріп республикалық маңызы бар қалалар, Астана, мүмкін халқы миллионнан асатын әкімшілік-аумақтар үшін қосымша квота қарастыруды талқылау ұсынылады. Жалпы, мәслихат депутаттарының санын арттыруды қарастыру маңызды.

Бұл тұста, Таагепера ұсынған СДМ идеалды формула еместігін айтып өткен жөн. Бірқатар зерттеушілер бұл модельге скептикалық көзқараспен қарап, оны жетілдіру бойынша өз үлгілерін ұсынды [20, 21, 5]. Сондықтан бұл модельді мәслихаттардағы депутаттар санын белгілеудің идеалды формуласы ретінде қабылдаудың орнына, Қазақстандағы өкілді орган құрамы халықаралық стандарттағы орташа көрсеткіштен төмендігін анықтауға және оны арттыруға көмектесетін дәйек ретінде қараған дұрыс.

ҚОРЫТЫНДЫ

1993 ж. құқықтық негізі қаланып, 1994 ж. 7 наурызда өткен сайлаудан кейін де-факто қызметін бастаған мәслихаттар осы уақыт ішінде өзінің қажеттілігі мен тиімділігін көрсетті. Мәслихаттар саяси жүйеде өңірлік мүддені ілгерілету, жергілікті әкімшілік-аумақтық деңгейде тежемелік және тепе-теңдік қағидасын қамтамасыз ету, жергілікті атқарушы орган қызметін қадағалау, жұртшылық пен билік өкілдері арасында коммуникацияның жүруіне септігін тигізу сияқты функцияны іске асыруда. Алайда өкілді органның қызметін одан әрі жетілдіру үшін маңызды бірнеше компонент бар. Соның бірі мәслихаттардағы депутат санының сол әкімшілік-аумақтық бірліктің демографиясы мен әлеуметтік стратификациясының өкілдігін қамтамасыз етуге жеткілікті болуы. Осы мақсатпен бұл зерттеу Қазақстандағы облыстық, республикалық маңызы бар қалалық және астаналық мәслихаттағы депутат санының жергілікті демографиялық ерекшелікпен және халық санындағы өзгеріспен сәйкестігін қарастырды. Зерттеу нәтижесінде облыстардағы, республикалық маңызы бар қалалардағы және астанадағы мәслихат депутаттары құрамының аздығы анықталды. Депутат санының аздығы өкілді органда қарастырылатын мәселелердің кешенді талқыланып, қабылданатын шешімдердің сапалы болуына, ықтимал тәуекелдерінің дискуссия барысында ескерілуіне кедергі келтіруі мүмкін. Сонымен қатар, әлеуметтік топтардың өкілдігін қамтамасыз ету, депутаттардың есептілігін күшейту, әкімдіктерді бақылауды сапалы жүргізу үшін де депутат саны жеткілікті болуы маңызды. Осыған байланысты, 1993 ж. бері өзгермей келе жатқан облыс (республикалық маңызы бар қала, астана) үшін – 50-ге дейін, облыстық маңызы бар қалала үшін – 30-ға дейін, аудан үшін – 25-ке дейін депутат болатындығы туралы шекті қайта қарастыру ұсынылады. Бұл шек енгізілген кездегі саяси жүйедегі ахуал, әлеуметтік жүйедегі жағдай, жергілікті сын-қатерлер басқаша болса, қазіргі таңда ол шарттар мүлдем басқа. Атап айтқанда, жоғарыдағы лимит өтпелі кезеңнің саяси жүйесінің өзектілігі жағдайында қабылданса, қазіргі қоғамдық-саяси жүйедегі институционалды жағдай тұрақты. Сондықтан жергілікті азаматтық қоғамның пікірін көбірек қамту, өзекті мәселелерді мәслихаттың платформасында талқылау жолымен стихиялық кикілжіңдер қалыптастырмау, азаматтардың саяси белсенділігін арттыру контекстінде өкілді органның сандық құрамын арттыру маңызды.

Жұмыс «Қоғамдық келісімді құру жағдайында үкіметтік емес ұйымдардың әлеуетін зерттеу» (ЖТН №BR24993126) бағдарламалық-нысаналы қаржыландыру аясында Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі Ғылым комитетінің қаржылық қолдауымен орындалды

Әдебиеттер:

1. Шериязданов Б. Р. Мәслихатқа отыз жыл [Электронды ресурс]. – URL: <https://e-history.kz/kz/news/show/339744> (Қаралған күні: 12.01.2025).
2. Нурғалимов С.Ж. Профессионализация депутатов маслихатов как способ повышения доверия со стороны общества: магистерский проект // Академия государственного управления при Президенте Республики Казахстан. – Нур-Султан, 2022.
3. Вдвое увеличить количество депутатов маслихатов предлагает «Наш дом Казахстан» [Электронный ресурс]. – URL: <https://kaztag.kz/ru/news/vdvoe-uvlichit-kolichestvo-deputatov-maslikhatov-predlagaet-nash-dom-kazakhstan> (дата обращения: 19.01.2025).
4. Taagepera R. The size of national assemblies // Social Science Research. – 1972. – No. 1. – P. 385-401. doi: 10.1016/0049-089X(72)90084-1. (accessed on: 12.01.2025).
5. Gamberi L., Förster Y. P., Tzanis E. et al. Maximal modularity and the optimal size of parliaments // Scientific Reports. – 2021. – Vol. 11. – No. 1. – <https://doi.org/10.1038/s41598-021-93639-1>. (accessed on: 12.01.2025).
6. Қазақстан Республикасы Орталық сайлау комиссиясының Ақпараттық бюллетені [Электронды ресурс]. – URL: <https://www.election.gov.kz/kaz/aza-stan-respublikasy-ortaly-saylau-komissiyasyny-a-paratty-byulleteni/> (Қаралған күні: 14.09.2024).
7. Purdam K., Peter J., Stephen G., Paul N. How many elected representatives does local government need? A review of the evidence from Europe // Cathie Marsh Centre for Census and Survey Research, Working Paper No. 6. – Manchester: The University of Manchester, 2008.
8. Benedetto M. A. D. Council size, government spending and efficiency: evidence from a quasi-experimental design for Italian municipalities // Politica Economica, Journal of Economic Policy. – 2018. – P. 297-326. doi: 10.1429/92122. (accessed on: 12.01.2025).
9. Meloche J.P., Kilfoil P.A sizeable effect? Municipal council size and the cost of local government in Canada // Canadian Public Administration. – 2017. – Vol. 60. – No. 2. – P. 241-267. <https://doi.org/10.1111/capa.12211>. (accessed on: 12.01.2025).
10. Weingast B.R., Shepsle K.A., Johnsen C. The political economy of benefits and costs: a neoclassical approach to distributive politics // The Journal of Political Economy. – 1981. – Vol. 89. – No. 4. – P. 642-664.
11. Höhmann D. The effect of legislature size on public spending: evidence from a regression discontinuity design // Public Choice. – 2017. – Vol. 173. – P. 345-367. doi: 10.1007/s11127-017-0484-2.
12. Freire D., Mignozzetti U., Roman C., Alptekin H. The effect of legislature size on public spending: a meta-analysis // British Journal of Political Science. – 2023. – Vol. 53. – No. 2. – P. 776-788. doi: 10.1017/S0007123422000552.
13. Benoît L. M., Mara E. V., Pauline M. Does council size shape democracy? Evidence from French municipalities. – 2025. – URL: [ffhal-05026713f](https://doi.org/10.1017/fjhal-05026713f) (accessed on: 13.02.2025).
14. Государственный комитет СССР по статистике. Население СССР по данным Всесоюзной переписи населения 1989 г. – Москва: Финансы и статистика, 1990.
15. Farrell D.M. Electoral Systems: A Comparative Introduction. – New York: Palgrave Macmillan, 2011. – P. 158.
16. Мәслихат депутаттарын сайлау-2023: ерекшеліктері мен үрдістері: ұжымдық монография. – Астана: Қазақстан Республикасының Президенті жанындағы Қазақстанның стратегиялық зерттеулер институты, 2024.
17. Frederick B. Congressional Representation & Constituents: The Case for Increasing the U.S. House of Representatives. – New York: Routledge – Taylor & Francis Group, 2010. – P. 119.
18. De Santo A., Le Maux B. On the optimal size of legislatures: an illustrated literature review // European Journal of Political Economy. – 2023. – Vol. 77. – P. 102317.
19. French Business Law. The French General Code of Local Authorities // - URL: <https://french-business-law.com/french-legislation-art/article-l2121-2-of-the-french-general-code-of-local-authorities/> (accessed on: 17.09.2024).

20. Auriol E., Gary-Bobo R. J. On the optimal number of representatives // *Public Choice*. – 2012. – Vol. 153. – P. 419-445.

21. Margaritondo G. Size of national assemblies: the classic derivation of the cube-root law is conceptually flawed // *Frontiers in Physics*. – 2021. – Vol. 8. – <https://doi.org/10.3389/fphy.2020.614596>. (accessed on: 17.09.2024).

References:

1. Sheriyazdanov B. R. Maslihatqa oty zhyl [Elektronic resurs]. – URL: <https://e-history.kz/kz/news/show/339744> (qaralgan kuni: 12.01.2025).

2. Nurgalimov S. Zh. Professionalizaciya deputatov maslihatov kak sposob povysheniya doveriya so storony obshchestva: magistrskij proekt // *Akademiya gosudarstvennogo upravleniya pri Prezidente Respubliki Kazakhstan*. – Nur-Sultan, 2022.

3. Vdvoe uvelichit' kolichestvo deputatov maslihatov predлагаet «Nash dom Kazakhstan» [Elektronic resurs]. – URL: <https://kaztag.kz/ru/news/vdvoe-uvelichit-kolichestvo-deputatov-maslihatov-predлагаet-nash-dom-kazakhstan> (data obrasheniya: 19.01.2025).

4. Taagepera R. The size of national assemblies // *Social Science Research*. – 1972. – No. 1. – P. 385-401. doi: 10.1016/0049-089X(72)90084-1. (accessed on: 12.01.2025).

5. Gamberi L., Förster Y. P., Tzanis E. et al. Maximal modularity and the optimal size of parliaments // *Scientific Reports*. – 2021. – Vol. 11. – No. 1. – <https://doi.org/10.1038/s41598-021-93639-1>. (accessed on: 12.01.2025).

6. Kazakhstan Respublikasy Ortalyq Saylau Komissiyasynyn Aqparattyq Byulleteni [Elektronic resurs]. – URL: <https://www.election.gov.kz/kaz/aza-stan-respublikasy-ortaly-saylau-komissiyasyny-a-paratty-byulleteni/> (qaralgan kuni: 14.09.2024).

7. Purdam K., Peter J., Stephen G., Paul N. How many elected representatives does local government need? A review of the evidence from Europe // *Cathie Marsh Centre for Census and Survey Research, Working Paper No. 6*. – Manchester: The University of Manchester, 2008.

8. Benedetto M.A. D. Council size, government spending and efficiency: evidence from a quasi-experimental design for Italian municipalities // *Politica Economica, Journal of Economic Policy*. – 2018. – P. 297-326. doi: 10.1429/92122.

9. Meloche J. P., Kilfoil P. A sizeable effect? Municipal council size and the cost of local government in Canada // *Canadian Public Administration*. – 2017. – Vol. 60. – No. 2. – P. 241-267. <https://doi.org/10.1111/capa.12211>. (accessed on: 12.01.2025).

10. Weingast B. R., Shepsle K. A., Johnsen C. The political economy of benefits and costs: a neoclassical approach to distributive politics // *The Journal of Political Economy*. – 1981. – Vol. 89. – No. 4. – P. 642-664.

11. Höhmann D. The effect of legislature size on public spending: evidence from a regression discontinuity design // *Public Choice*. – 2017. – Vol. 173. – P. 345-367. doi: 10.1007/s11127-017-0484-2.

12. Freire D., Mignozzetti U., Roman C., Alptekin H. The effect of legislature size on public spending: a meta-analysis // *British Journal of Political Science*. – 2023. – Vol. 53. – No. 2. – P. 776-788. doi: 10.1017/S0007123422000552.

13. Benoît L.M., Mara E.V., Pauline M. Does council size shape democracy? Evidence from French municipalities. – 2025. – URL: [ffhal-05026713f](https://arxiv.org/abs/2502.05026) (accessed on: 13.02.2025).

14. Gosudarstvennyj komitet SSSR po statistike. Naselenie SSSR po dannym Vsesoyuznoj perepisi naseleniya 1989 g. – Moskva: Finansy i statistika, 1990.

15. Farrell D.M. Electoral Systems: A Comparative Introduction. – New York: Palgrave Macmillan, 2011. – P. 158.

16. Maslihat deputattaryn sajlau-2023: erekshelikteri men urdisteri: uzhyndyq monografiya. – Astana: Qazaqstan Respublikasynyn Prezidenti zhandagy Qazaqstannyn strategiyalyk zertteuler instituty, 2024.

17. Frederick B. Congressional Representation & Constituents: The Case for Increasing the U.S. House of Representatives. – New York: Routledge – Taylor & Francis Group, 2010. – P. 119.

18. De Santo A., Le Maux B. On the optimal size of legislatures: an illustrated literature review // *European Journal of Political Economy*. – 2023. – Vol. 77. – P. 102317.
19. French Business Law. The French General Code of Local Authorities.// – URL: <https://french-business-law.com/french-legislation-art/article-l2121-2-of-the-french-general-code-of-local-authorities/> (accessed on: 17.09.2024).
20. Auriol E., Gary-Bobo R. J. On the optimal number of representatives // *Public Choice*. – 2012. – Vol. 153. – P. 419-445.
21. Margaritondo G. Size of national assemblies: the classic derivation of the cube-root law is conceptually flawed // *Frontiers in Physics*. – 2021. – Vol. 8. – <https://doi.org/10.3389/fphy.2020.614596>. (accessed on: 17.09.2024).

SRSTI:11.01.11

DOI:10.51889/2959-6270.2025.90.2.007

O.Kirichok ¹, Zh.Nogaybaeva ², N.Aitymbetov ^{3*}, M.Khavronskaya ⁴, B.Myrzabayeva ⁵
^{1,2,4} Caspian University, Almaty, Kazakhstan

^{3*} Institute for Philosophy, Political Science and Religious Studies SC MSHE RK,
Almaty, Kazakhstan

⁵ Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan

* e-mail: nurken.aitymbetov@gmail.com

DIGITALIZATION POLICY IN THE EDUCATION SECTOR OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN: NEW CHALLENGES AND OPPORTUNITIES

Abstract

The research relevance is predefined by the intensification of globalization processes that affect all spheres of social life, one of which is the learning process. The research aims to study the basic requirements for teachers in these conditions. Among the methods used are the methods of logical analysis, deduction, induction, synthesis, functional analysis, abstraction, and others. The concept of “digital competence” was studied, which serves as a theoretical and practical basis for understanding the requirements for teachers in modern conditions. An analysis of different types of models was carried out, which implies identifying the most optimal and all-encompassing in the conditions of digitalization. An important aspect was to survey teachers in Kazakhstan from different areas. This allowed to provide an assessment of the current situation and identify the development of the implementation of innovative communication technologies in the educational process. The main problems faced by teachers in the implementation of digital technologies in the educational process were noted. The state policy of the Republic of Kazakhstan in the studied industry was also studied. Three groups of skills, which should have a teacher in today’s environment were identified. European models of digital competence were studied, and their advantages were identified. The practical value of the results is to propose the most optimal model, which covers all the necessary skills of a modern teacher in the conditions of digitalization and will contribute to improving the quality and efficiency of the educational process following public policy and accepted international standards.

Keywords: competence; information processes; globalization; literacy; e-learning course.